

Америка Құрама Штаттарының Конгресі өкілдерінің Қазақстан Республикасына жұмыс бабындағы сапарын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 шілде N 967

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту, парламентаралық байланыстарды дамыту және оларды неғұрлым жоғары деңгейге шығару, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының Конгресі өкілдерінің Қазақстан Республикасына сапарын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру-хаттамалық іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 9-11 тамыз кезеңінде Америка Құрама Штаттарының Конгресі өкілдерінің Қазақстан Республикасына жұмыс бабындағы сапарын (бұдан әрі - сапар) өткізу ұйымдастырылсын.

2. Қоса беріліп отырған Америка Құрама Штаттарының Конгресі өкілдерінің Қазақстан Республикасына жұмыс бабындағы сапарын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен 1212360 (бір миллион екі жүз он екі мың үш жүз алпыс) теңге сомасында Бішкек-Алматы бағыты бойынша жол жүруге және Алматы, Астана қалаларында делегация мүшелерінің тұруына шығыстарды

қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 17 шілдедегі
N 967 қаулысымен

бекітілген

Америка Құрама Штаттарының Конгресі өкілдерінің Қазақстан
Республикасына жұмыс бабындағы сапарын өткізу жөніндегі
іс-шаралар жоспары

N !	Іс-шаралар	!Орындау мерзімі!	Орындалуына жауаптылар
p/c!	!	!	

- Осы іс-шараны өткізуге байланысты 2001 жылғы Қазақстан
шығыстарды 2001 жылға арналған 30 шілде Республикасының
республикалық бюджетте "Өкілдік Сыртқы істер
шығыстар" бағдарламасы бойынша министрлігі
көзделген қаражаттың есебінен
төлеу жөніндегі мыналарға
арналған смета жобасын жасау:
1) Алматы-Астана-Алматы бағыты
бойынша американдық
делегацияның ұшып өтуі;
2) Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі атынан
ресми қабылдау ұйымдастыру;
3) американдық делегацияны
автокөлікпен қамтамасыз ету;
4) американдық делегацияның
мүшелері үшін ескерткіш
сыйлықтар дайындау;
5) американдық делегацияның
тұруын төлеу
- Американдық делегация мүшелері 2001 жылғы Қазақстан
үшін Алматы-Пекин бағыты 30 шілде Республикасының Көлік
бойынша "Эйр Қазақстан" және коммуникациялар
авиакомпаниясының авиабилеттерін министрлігі
сатып алу кезінде жеңілдіктер
беруге жәрдем көрсету
- Қазақстан Республикасының Сыртқы 2001 жылғы Қазақстан
істер министрлігіне сапарға 3 тамыз Республикасының

қажетті материалдар ұсыну

Қорғаныс министрлігі,
Энергетика және
минералдық ресурстар
министрлігі,
Экономика және сауда
министрлігі, Көлік
және коммуникациялар
министрлігі

4. Американдық делегацияның болуы 2001 жылғы Қазақстан
бағдарламасының жобасын бекіту 3 тамыз Республикасының Сыртқы
істер министрлігі,
Астана және Алматы
қалаларының әкімдері
5. Американдық делегация мүшелерін 2001 жылғы Қазақстан
орналастыру, оларға қызмет 3 тамыз Республикасының Сыртқы
көрсету, сондай-ақ Бішкек - істер министрлігі,
Алматы бағыты бойынша, сонымен Қазақстан Республикасы
қатар Алматы және Астана Президентінің Іс
қалаларында делегацияны Басқармасы (келісім
автокөлікпен қамтамасыз ету бойынша), Астана және
жөнінде қажетті шаралар қабылдау Алматы қалаларының
әкімдері
6. Астана және Алматы қалаларының 2001 жылғы Қазақстан
әуежайларында американдық 9-11 тамыз Республикасының Сыртқы
делегацияны күтіп алуды және істер министрлігі,
шығарып салуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс
Басқармасы (келісім
бойынша), Астана және
Алматы қалаларының
әкімдері
7. АҚШ Конгресі өкілдерінің 2001 жылғы Қазақстан
қоғамдық ұйымдар (үкіметтік 9-11 тамыз Республикасының Сыртқы
емес ұйымдар, еврей қауымы), істер министрлігі,
конверсиялық кәсіпорындардың Алматы және Астана

өкілдерімен кездесулерін қалаларының әкімдері
ұйымдастыруға, сондай-ақ
Алматы және Астана
қалаларының көрікті орындарын
аралауда жәрдем көрсету

8. Бағдарламаға сәйкес АҚШ Конгресі 2001 жылғы Қазақстан
өкілдерімен кездесулер 9-11 тамыз Республикасының
ұйымдастыру Сыртқы істер

министрлігі,
Қорғаныс министрлігі,
Энергетика және
минералдық ресурстар
министрлігі,
Экономика және сауда
министрлігі, Көлік
және коммуникациялар
министрлігі

9. Американдық делегация 2001 жылғы Қазақстан
мүшелерінің әуежайларда, тұру 9-11 тамыз Республикасының
және бару орындарында Ішкі істер министрлігі
қауіпсіздігін және еріп жүруді
қамтамасыз ету
-

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.